

## **Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2023 жылғы 23 қарашадағы № 4 шешімі. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 7 шешімімен

### **Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 31.05.2024 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, Екібастұз қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қалалық комиссиясының кезектен тыс отырысының 2023 жылғы 19 қарашадағы № 8 хаттамасы негізінде,  
**ШЕШТІМ:**

1. Екібастұз қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары Ануарбек Дюсембаевич Аманов тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Екібастұз қаласының әкімі      А. Бейсекин**